




2024 ЖЫЛҒЫ ЕСЕП



ТӘЛІМГЕРЛЕР ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИЯ

Қор ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар мен балалар үйіндегі жасөспірімдерге көмек көрсету мақсатында «Инклюзия» және «Тәлімгерлер» қайырымдылық бағдарламаларын жүзеге асырады.

МАЗМҰНЫ

01 Қордың негізін
қалаушысының кіріспе сөзі

02 Біз туралы

03 Жалпы қаржылық есеп

04 «Тәлімгерлер» бағдарламасы

05 «Инклюзия» бағдарламасы

06 ДАРА байланыста

Соңғы он жылда Қазақстандағы қайырымдылық саласы айтарлықтай дамып, дербес әрі болашағы зор секторға айналды. Алайда оның әрі қарай өркендеуі үшін тек кәсібилікті арттыру жеткіліксіз, қоғамның сенімі керек. **Қоғам алдында ашық болу және нақты стандарттарға сүйеніп есеп беру сектордың тұрақты түрде жұмыс істеуі үшін ең маңызды шарттар болып қала береді.**

Біздің қор **он жылдан бері ашықтық қағидаттарын ұстана** отырып, қоғам алдында тұрақты түрде есеп беріп келеді. Тек қоғам, мемлекет және қайырымдылық қорлары арасындағы ашық диалогтың нәтижесінде ғана кемел қайырымдылық ортасын қалыптастыру мүмкін болады.

2024 жыл біздің қордың жұмысы үшін тағы бір табысты кезеңге айналды. Біз бағдарламаларымызды кеңейтіп, балалар үйіндегі жасөспірімдер мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу бойынша сараптамамызды тереңдете түстік. **Сіздермен бірге олардың дамуына және қоғамға бейімделуіне тең мүмкіндік жасаудамыз.** Ол жайында біз YouTube арнамызда және DARA Talk подкасттарында айтамыз.

«Инклюзия» бағдарламасы аясында біз ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуын қамтамасыз етуді жалғастырып келеміз. 2024 жылы біз Алматы қаласының арнайы мектеп-интернаттарында **америкалық Перкинс мектебінің халықаралық тәжірибесін қолдандық.** Оған қоса ерте жастан инклюзивті орта құру мақсатында өңірлердегі балабақшалармен серіктестікті кеңейттік.

Сонымен қатар, **Алматы қаласында «Ерте араласу орталығын»** құруға белсенді қатыстық. Бұл 0-3 жас аралығындағы балалары бар отбасыларға жан-жақты қолдау көрсететін Қазақстандағы алғашқы орталық. Қорымыз трансдисциплинарлық мамандарды оқытып, өңірлерде психолого-педагогикалық қолдау көрсету орталықтарының базасында ерте қолдау қызметтерін іске қосты. Келесі жылы біз осындай қызметтерді тек білім беру жүйесінде ғана емес, әлеуметтік қорғау жүйесінде де қосуды жоспарлап отырмыз. Бұл жоба алдағы уақытта еліміздегі мүгедек балалардың санының төмендеуіне септігін тигізеді.

Биыл 10 жылдық мерейтойын атап өтетін **«Тәлімгерлер» бағдарламасының** аясы да өсті. Біздің тәлімгерлер қауымдастығымыз одан әрі ұлғайып, балалар үйлерінен шыққан жасөспірімдерге **ересек өмірге бейімделуге көмектесуді** жалғастырып келеді. Оларға кәсіби даярланған еріктілер мен тәлімгерлер, корпоративтік тәлімгерлік, сондай-ақ тұрақты білім беру курстары арқылы қолдау көрсетіледі. Келесі жылы жобаға Қазақстанның тағы бір аймағын қосуды жоспарлап отырмыз.

Қолдауымызды қажет ететін балаларға көмектесуге қосқан зор үлесіңіз үшін алғыс айтамыз!



Гульнар
Досаева

«ДАРА» қорының негізін қалаушы




БІЗ ТУРАЛЫ

«DARA» қайырымдылық қоры – 2007 жылдан бері Қазақстандағы алғашқы және ең ірі жеке қорлардың бірі. Қор «Инклюзия» және «Тәлімгерлер» қайырымдылық бағдарламаларын жүзеге асырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға және балалар үйінде тәрбиеленетін жасөспірімдерге көмек көрсетеді. Біз **әрбір баланың дарынды екеніне** және олардың білім алуға, қоғамға бейімделуге **тең құқығы бар** екеніне сенеміз.

Біздің МИССИЯМЫЗ

Біз балалар үйлеріндегі жасөспірімдер мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың **өмір сүру жағдайларын жақсартуға**, олар үшін даму мен әлеуметтену мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған жобаларды жүзеге асырамыз.

БҰҰ Тұрақты даму мақсаттары мемлекеттің тұрақты дамуының негізгі көрсеткіштері болып табылатын **ESG** (қоршаған орта, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару) қағидаттарымен тығыз байланысты.



Біздің қор халықаралық стандарттарға сай нақты шешімдер мен жобаларды ұсынып, ESG әлеуметтік аспектісін нығайтуға ықпал етеді.

Біздің қор **Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің ҮЕҰ дерекқорына енгізілген.**

КӘСІБИЛІК

Біз өз қызметімізді ұйымдастырудан бастап, жобалар мен серіктестерді таңдауға дейінгі барлық процестерде кәсіби стандарттарды негізге аламыз. Өзін-өзі дамытуға инвестиция салып, сараптамалық деңгейімізді арттыру үшін күн сайын жұмыс істейміз.

АЙҚЫНДЫҚ

Біз әрдайым ашық коммуникацияға дайынбыз және жұмысымыздағы барлық процестер туралы айтып отырамыз. Сонымен қатар, барлық мүдделі тараптармен ашық диалог жүргізуді қолдаймыз.

СЕРІКТЕСТІК

Біз әлеуметтік мәселелерді тиімді шешу үшін бизнес, мемлекеттік органдар, коммерциялық емес ұйымдар және бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы әріптестіктің маңыздылығына сенеміз.

АМБИЦИЯ

Біз күрделі әлеуметтік мәселелерді шешу жолында кездесетін кедергілерді еңсеруге дайынбыз. Өз біліміміз бен дағдыларымызға, нақты жетістіктерімізге сүйене отырып, маңызды міндеттерді өз мойнымызға алып, нәтижесі үшін жауапкершілік көтереміз.

2024 ЖЫЛДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕРІМІЗ

*Деректер 2024 жылы атқарылған жұмыс пен серіктестердің пікірлері негізінде алынды.


БАҚ

 66

БАҚ біз туралы хабар таратты

оны 1.1


миллионнан астам адам көрді

 +25%

Әлжелідегі қауымдастығымыздың өсуі

8 млн.рет

контентіміз қаралды

 +32%

YouTube қауымдастығымыздың өсуі

70% көрермендер

25 пен 55 жас аралығында

 25

жаңа ролик, подкаст және анимация жасалды

104 529

жалпы көрілім саны

ҚОР ЖҰМЫСЫ

70

жоба жүзеге асырылды

67

күн 9 өңірде іссапарда болдық

2094

төлем жүргізілді

2781

бірегей электронды донор көмек көрсетті

58 731 541 ₸

сомасында салық төленді

АДАМДАР

3450



бала тікелей бенефициар болды

440



педагог оқытылды

19



қызметкер қорда жұмыс істейді

2 қызметкер NARXOZ бизнес мектебінің ҮЕҰ менеджерлеріне арналған **EMBA** бағдарламасын аяқтады

2024 ЖАЛПЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП


2024ж. басындағы сальдо

49 086 007 ₸


2024ж. соңындағы сальдо

46 225 734 ₸

ИНКЛЮЗИЯ 243 916 806 ₸




ТӘЛІМГЕРЛЕР 114 458 854 ₸




2024 ж. шығындары 527 142 428 ₸

- Бағдарламалар
- Әкімшілік шығындар
- Еңбекақы қоры




2014-2024 кіріс/шығыс



2024 ж. кірістері 524 282 155 ₸

- Бизнес
- Негізін қалаушы
- Жеке тұлғалар
- Онлайн қайырымдылық
- Гранттар



ТӘЛІМГЕРЛЕР

 DARA 2024

СПОНСОРЛАР

ЖЕКЕ ТӘЛІМГЕРЛІК:

"Павлодар өзен порты" АҚ, "Астана Стор" ЖШС, Ислам Даму Банкі, "РТС Деко" ЖШС, "PLAZA DELUXE" ЖШС, электронды қайырымдылық

КОРПОРАТИВТІ ТӘЛІМГЕРЛІК

Charity reading bookclub, Galima Time club, Copenhagen Oil ЖШС, ФК TAV BILISHIM HIZMETLRI, CATP ЖШС, электронды қайырымдылық

БІЛІМ БЕРУ КУРСТАРЫ

«РТС ЛТД» ЖШС, «ZHOSPANOVA» ЖШС, Dava қайырымдылық қоры, UvU International Ltd. компаниясы, Gourmand Group ЖШС, «ТССП Казахстан» ЖШС, электрондық қайырымдылық.

СЕРІКТЕСТЕР

"Солнечный город" қайырымдылық қоры, аймақтық білім басқармалары

Қазақстан аэробика және сауықтыру гимнастикасы федерациясы, маркетинг Айнұр Жұнұсова, маркетинг Айханым Нұрғалиева, блогер Рената Балтер, бариста Алихан Рысбаев, Школа Бариста, "Bateel Kazakhstan" ЖШС, Dodorizza Халықаралық пиццериялар желісі, «English World» тіл мектебі, «Бірге» ЖК, Ерекше балалардың ата-аналарын оқыту орталығы, фотограф Саян Мамбеталиев, Вербатория таланттарды диагностикалау орталығы, Ануар Туребаев (CashFlow қаржылық сауаттылық ойыны), АТС Kazakhstan International, Даша Бублик (ЖОО бойынша турлар), Алматы қ. Балалар омбудсмені Диана Ерлан, профориентатор Мадина Абдыгапарова, Даурен Аскарлов (ағылшын тілі), @neilya_make_up (сұлулық салондары үшін шеберлерді оқыту), "Subaru Motor Almaty" ЖШС, қоғам қайраткері Ерлан Карагулов, пауэрлифтинг жаттықтырушысы Андрей Алтайбаев, Семей қ. білім басқармасының Облыстық балалар биологиялық орталығы, @Bonbon.almaty, Алтайбаев ЖК, life fitness ЖШС, ЖК "Family" балаларды қолдау орталығы, «Новое Поколение» Халықаралық білім беру орталығы, М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы, "Барсы Атырау" ЖШС, N Guide ағылшын тілі мектебі.

Empowering Tomorrows Халықаралық волонтерлік жобасы

«ТӘЛІМГЕРЛЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАРЫМЫЗ

Бағдарлама Қазақстанда 2015 жылдан бері жұмыс жасайды

Жеке тәлімгерлік


Алматы, Астана, Қарағанды, Павлодар, Орал, Теміртау, Шымкент, Семей, Атырау, Қостанай, Қызылорда, Ақтау, Өскемен, Петропавл, Тараз, Ақтөбе, Талдықорған

Корпоративті тәлімгерлік

Алматы, Астана, Қарағанды, Павлодар, Орал, Семей, Атырау, Ақтау

Білім беру курстары

Алматы, Астана, Павлодар, Теміртау, Шымкент, Қызылорда



«Тәлімгерлер» бағдарламасы – бұл балалар үйіндегі жасөспірімдерге үлкен өмірге қадам басар алдында қолдау көрсету. Балалардың барлығына отбасын табу қиын, бірақ біз оларға жеке көңіл бөліп, достық пен ең бастысы, балалар үйінен шыққаннан кейін өз бетінше өмір сүруге дайындау арқылы көмектесе аламыз. Соңдықтан біз тәлімгерлік идеясын дамытып, жасөспірімдерді **(1) жеке тәлімгерлік, (2) корпоративтік тәлімгерлік және (3) білім беру курстары арқылы** қолдаймыз.



ЖЕКЕ ТӘЛІМГЕРЛЕР (11-16 жас)

Біздің координаторлар қазақ және орыс тілдерінде үлкен жұмыс атқарады. **Балалар үйіндегі 12 жастан** асқан жасөспірімдерге **қолдау көрсететін және оларға дос болатын тәлімгер** табуға көмектеседі.

Біз тәлімгер болғысы келетін **үміткерлерді іздейміз, іріктейміз**, оларды оқытып, дайындаймыз. Осылайша **«тәлімгер-жасөспірім»** жұбы құрылады да, әрбір жасөспірім жақын ересек **адамның қолдауы** мен назарын алады.

Біздің мамандар жұптарға **қиындықтарды жеңуге көмектесіп**, тәлімгерлер мен жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынастың нығайып, **екі жаққа қуаныш** сыйлауын қадағалайды.

Тәлімгерлер жобасының **арқасында** көптеген жылдарға созылған **мықты достық** тарихына куә болып келеміз.

Бұл **үлкен жобаның басты нәтижесі** – күнделікті тапсырмаларды **сенімді орындайтын**, қарым-қатынас орнатуды білетін, **дос бола білетін** және **көмек сұраудан қорықпайтын балалар үйінің жеткіншектері**. Біз балаларға маңызды әлеуметтік дағдыларды дамытуға, тәуелсіз және ересек **өмірге дайын болуға көмектесеміз**.

1785

ҮМІТКЕРДІҢ
ТӘЛІМГЕРЛІККЕ ӨТІНІМІ
ҚАРАЛДЫ

97

ТӘЛІМГЕР-
ЖАСӨСПІРІМ ЖҰБЫ
ҚҰРЫЛДЫ

49

«ТӘЛІМГЕРЛЕР МЕКТЕБІ»
АТТЫ ОФЛАЙН-ТРЕНИНГІ
ӨТКІЗІЛДІ

75

ҚАУЫМДАСТЫҚ
КЕЗДЕСУІ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

955

БАЛА ПСИХОЛОГПЕН
КЕЗДЕСТІ

17

ӨҢІР ҚАМТЫЛДЫ

50

ПСИХОЛОГ-
КООРДИНАТОР
БАҒДАРЛАМАҒА
ҚАТЫСТЫ

20

БАЛАЛАР ҮЙІ
БАҒДАРЛАМАҒА
ҚАТЫСТЫ

1090

ТӘЛІМГЕРГЕ
ПСИХОЛОГТАР
КЕҢЕС БЕРДІ

ЖЕКЕ ТӘЛІМГЕРЛЕР



ТОП-5 ЖОБА

59 840 031 ₸

Тәлімгер күні

Шымкентте біздің жыл сайынғы дәстүрлі мерекеміз – Тәлімгер күні өтті!

Халықаралық грант


Біз 10 қала үшін ИБР және БҰҰДБ грантын жеңіп алдық. Грант сомасы - \$97 500

Жаңа өңір

2025 жылы «Тәлімгерлер» бағдарламасы Жезқазған қаласына келеді!



Жұптардың құрылу динамикасы



- Қашан және қалай **тәлімгеріңнің** нағыз үлкен **дос екенін** сезіндің?
- **Ол маған** тіпті өзім күмәнданған кезде де **сенді**. Менің жақсырақ болуымды қалады, шешімдерімді **құрметтеді**, бірақ әрдайым **дана кеңесін берді**. Сол кезде мен оның **нағыз үлкен досым** екенін түсіндім.

Карина, 16 жас, Семей қаласы

2024 ЖЫЛЫ КІМГЕ КӨМЕКТЕСТІК

Алматы қ.

- «SOS Балалар Ауылы Алматы»
- «Арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау облыстық орталығы»
- «№2 Арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығы»

Астана қ.

- «SOS Балалар ауылы Астана»
- «Қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығы»

Шымкент қ.

- «№2 Қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығы»

Қарағанды қ.

- «"АСЕМ" Балалар үйі»
- «"Таңшолпан" Балалар үйі»

Теміртау қ. «SOS Балалар ауылы Теміртау»

Семей қ. «Арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығы»

Павлодар қ. «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы Павлодар»

Ақтау қ. «Облыстық отбасылық үлгідегі балалар ауылы»

Қызылорда қ. «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы»

Қостанай қ. «"Жанұя" Отбасылық үлгідегі балалар ауылы»

Талдықорған қ. «"Айналайын" Арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығы»

Петропавл қ. «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы»

Өскемен қ. «"Үміт" Балаларды қолдау орталығы»

Тараз қ. «Қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығы»


Атырау қ. «"Шаңырақ" Облыстық отбасылық үлгідегі балалар ауылы және жастар үйі»

Ақтөбе қ. «"Аяла" Арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығы»

Орал қ. «Облыстық отбасылық үлгідегі балалар ауылы»



Өте мейірімді **ДОСТЫҚ ОҚИҒАСЫ** 



КОРПОРАТИВТІК ТӘЛІМГЕРЛІК (14-18 жас)

Жасөспірімдермен жұмыс барысында біз кәсіби бағдар бағытын да енгізіп, оны **корпоративтік серіктестермен бірлесе жүзеге асырамыз**. Әртүрлі компаниялардың қолдауымен балалар үйіндегі **14 жастан асқан** жасөспірімдерге арналған **пайдалы** экскурсиялар, оқыту бағдарламалары, курстар мен тағылымдамалар өткізіледі.

Биыл балалар **көлік жүргізу** және **кәсіби бағдар курстарына**, спорт секцияларына, шығармашылық және тіл үйірмелеріне қатысты.

Бұл жобаның арқасында жасөспірімдердің мамандық таңдауға деген **қызығушылығы** мен **өзін-өзі дамытуға** деген ынтасы **арта түсуде**.

163

ЖАСӨСПІРІМ
ЖОБАҒА ҚАТЫСТЫ

33

БИЗНЕС-СЕРІКТЕС

8

ҚАЛА
ЖОБАҒА ҚАТЫСТЫ

51

ЖАСӨСПІРІМ КУРСТАР
МЕН СЕКЦИЯЛАРДА
БІЛІМ АЛДЫ

100

ЭКСКУРСИЯ МЕН
ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ
ӨТКІЗІЛДІ

- Жобадағы қатысуыңды **бір сөзбен** сипатта

- **“Керемет!”**. Бұл жоба мен үшін нағыз жаңалық болды: мен кофе мен **бариста мамандығы** туралы **көп нәрсе үйрендім**. Бұл өте **қызықты әрі күрделі жұмыс** екен. Жобаның арқасында мен мақсатқа **ұмтылуды және табандылықты үйрендім**, тіпті қиын сәттерде де берілмедім. Кейде бәрін тастап кеткім келген кездер болды, бірақ... өздеріңіз түсінесіздер ғой)))”

Рустам, 16 жас, Астана қ. (Бариста мектебінде оқыды)

Жоба аясында **8** жылда
300 балаға **13 400** сабақ
өткізілді.

2024 ЖЫЛЫ КІМГЕ КӨМЕКТЕСТІК

Алматы қ.

- «SOS Балалар Ауылы Алматы»
- «Арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау облыстық орталығы»
- «№2 Арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығы»

Астана қ.

- «SOS Балалар ауылы Астана»
- «Қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығы»

Қарағанды қ.

- «АСЕМ Балалар үйі»
- «Таңшолпан Балалар үйі»

Павлодар қ. «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы Павлодар»

Орал қ. «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы»

Семей қ. «Арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығы»

Ақтау қ. «Облыстық отбасылық үлгідегі балалар ауылы»

Атырау қ. «"Шаңырақ" Облыстық отбасылық үлгідегі балалар ауылы және жастар үйі»



Балалар үйінің жасөспіріміне **ӨЗ МАМАНДЫҒЫН ТАБУҒА**  қалай көмектесуге болады?



БІЛІМ БЕРУ КУРСТАРЫ (11-18 жас)

Біз балалар үйінің жасөспірімдеріне арналған **білім беру курстарын ұйымдастырамыз**. Бұл курстар оларға мектеп бағдарламасындағы олқылықтардың **орнын толтыруға**, оқуға деген **қызығушылықтарын арттыруға** және колледждер мен ЖОО-ларға таңдаған мамандықтары бойынша түсуге **мотивация беруге** көмектеседі.

Биыл біз **ҰБТ-ға, НЗМ/БИЛ-ге** түсу және мектеп пәндері бойынша **дайындық сабақтарын ұйымдастырдық**. Атап айтқанда, алгебра, биология, химия, дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, әдебиет, ағылшын, қазақ, орыс тілдері, физика, оқу сауаттылығы, география пәндері бойынша сабақтар өтті.

Сабақтар репетиторлармен топта немесе жеке форматта, **ақылы және серіктестеріміздің қолдауымен** тегін өткізіледі.

- **Алдымен қиын** болып көрініп, бірақ **соңында сәтті** шыққан нәрсе болды ма?

- **Алғашқыда** сабақтар **өте қиын болды**, бірақ **уақыт өте келе әлдеқайда жеңілдей түсті**. Мен бұл курстарға және оларды ұйымдастырған жандарға шексіз ризамын! Мұнда мен мектепте үйренгенімнен де көп нәрсе білдім. Маған сабақтардың өткізілуі және оқытушылардың жұмыс тәсілі қатты ұнайды. **Арманым айқындала түсті**, және мен оның міндетті түрде **орындалатынына сенемін!**

Светлана, 17 жас, Алматы қ. (ҰБТ-ға дайындық)

2428

САБАҚ
ӨТКІЗІЛДІ

12

МЕКТЕП ПӘНІ
ҚАМТЫЛДЫ

6

ҚАЛА
ЖОБАҒА ҚАТЫСТЫ

112

БАЛА ҚОСЫМША
ДАЙЫНДЫҚТАН ӨТТІ

1

БАЛА ДАРЫНДЫ
БАЛАЛАРҒА
АРНАЛҒАН МЕКТЕПКЕ
ТҮСТІ

+60%

2023 ЖЫЛМЕН
САЛЫСТЫРҒАНДА
КОЛЛЕДЖДЕР МЕН
УНИВЕРСИТЕТТЕРГЕ
ҚАБЫЛДАУДЫҢ ӨСУІ

2024 ЖЫЛЫ КІМГЕ КӨМЕКТЕСТІК

Алматы қ.

- «SOS Балалар Ауылы Алматы»
- «Арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау облыстық орталығы»
- «№2 Арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығы»

Астана қ.

- «SOS Балалар ауылы Астана»
- «Қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығы»

Шымкент қ.

- «№2 Қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығы»

Павлодар қ. «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы Павлодар»

Теміртау қ. «SOS Балалар ауылы Теміртау»

Қызылорда қ. «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы»



ИНКЛЮЗИЯ

 **DARA 2024**

СПОНСОРЛАР

ЕРТЕ ҚОЛДАУ

«Шеврон МунайГаз Инк.» компаниясы, жеке меценаттар

ИББРО ЖӘНЕ ППҚК

"MARC Kazakhstan" ЖШС, "Шеврон МунайГаз Инк." компаниясы, "ДАМУ Ақпараттық технологиялар орталығы" ЖШС, "SVOY Group" ЖШС, "EVROLUX DRYCLEANING" ЖШС, "АС ЭлитИнвест" ЖШС, "Fizmat Academy" ЖМ, «Казахстанская Иджара Компания» АҚ

ӘЛЕМДІ АШАМЫЗ

«Байер KAZ» ЖШС, «Orica-Казахстан» ЖШС, «Шеврон НефтеГаз Инк.» компаниясы, Франция Елшілігі (Қазақстандағы)

FRIENDLY SCHOOLS

"PTC LTD" ЖШС, "LVMH P&C Kazakhstan" ЖШС (ЛВМШ Пи энд Си Казахстан), "HARMONY FUND" ҚҚ, жеке меценаттар

СЕРІКТЕСТЕР

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі; ҚР ОАМ Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы; Ақтөбе, Атырау, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар облыстарының, Астана, Шымкент, Алматы қалаларының әкімдіктері; Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары; Өңірлердегі психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар; Өңірлердегі психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеттері.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі; ҚР ОАМ-ның Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-тәжірибелік орталығы; Атырау және Түркістан облыстарының, Астана қаласының әкімдіктері; Облыстық білім басқармалары; Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар

Солтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы, Петропавл қаласының білім бөлімі ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Арнайы және инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Астана қаласы №10 мектеп-гимназиясының Қалалық инклюзияны қолдау орталығы, Екібастұз қаласының әкімдігі, Екібастұз қаласының білім бөлімі, Екібастұз қаласының Қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы, Қарағанды қаласындағы «Айсулу» бөбекжай-балабақшасы

Перкинс көру қабілеті жоқ балаларға арналған мектебі (АҚШ), ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Арнайы және инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі ұлттық ғылыми-тәжірибелік орталығы, Алматы қаласы Білім басқармасының "Білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы".


«ИНКЛЮЗИЯ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАРЫМЫЗ

Қалалар

- Астана / Алматы / Шымкент
- Қонаев / Талдықорған / Павлодар / Екібастұз /
- Ақтау / Атырау / Ақтөбе / Қостанай / Арқалық /
- Қызылорда / Өскемен / Көкшетау / Степногорск / Қарағанды / Петропавл / Семей / Тараз / Орал / Түркістан
- Жітіқара / Шу / Ақсай / Шахтинск / Теміртау / Сарань / Абай / Қаскелең / Леңгір / Сарыағаш / Тобыл

Облыстар

- Алматы облысы: с. Өтеген Батыр, М.Түймебаев ауылы, Караой ауылы (Іле ауданы), Шамалған ауылы (Қарасай ауданы), Ұзынағаш (Жамбыл ауданы)
- Жетісу облысы: Лепсі ауылы (Сарқанды ауданы)
- Түркістан облысы: Абай ауылы (Келес ауданы), Қарабұлақ ауылы (Сайрам ауданы), Дихан баба ауылы (Сарыағаш ауданы), Шолаққорған ауылы (Созақ ауданы), Темірлан ауылы (Ордабасы ауданы), Мырзакент кенті (Мақтаарал ауданы)
- Маңғыстау облысы: Құрық кенті (Қарақия ауданы)
- Атырау облысы: Доссор және Мақат кенттері (Мақат ауданы)
- Қостанай облысы: Сарыкөл кенті (Сарыкөл ауданы)
- Ақмола облысы: Шортанды кенті (Шортанды ауданы), Ақмол ауылы, Қабанбай батыр ауылы, Талапкер ауылы (Целиноград ауданы)
- Жамбыл облысы: Қордай ауылы (Қордай ауданы), Луговое ауылы (Т.Рысқұлов ауданы), Төле би ауылы (Шу ауданы)
- Солтүстік Қазақстан облысы: Новоприречное ауылы (Тайынша ауданы)



- Бағдарлама Қазақстанда 2014 жылдан бері жұмыс жасайды
- 2024 жылы жұмысымызды жалғастырған аймақтар
- DARA картасындағы жаңа аймақтар
- Қалалар
- Облыстар

«Инклюзия» бағдарламасы – ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балалар үшін инклюзивті білім беруді дамыту және қолдау. Біздің жобалар **0 мен 18 жас аралығындағы** балалардың **сапалы білім** мен дамуына қол жеткізуіне көмектесу үшін төрт бағыт бойынша жұмыс істейді.

- **ЕРТЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ** – білім беру, әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау органдары арасындағы ынтымақтастық негізінде **ерте қолдау көрсету қызметтерін** ашу арқылы ерте қолдау жүйесін енгізу;
- **ИББРО ЖӘНЕ ППҚК** - психологиялық-педагогикалық орталықтар **желісін кеңейту** және жалпы білім беретін мектептер базасында балаларға психологиялық-педагогикалық **қолдау көрсету қызметін күшейту**;
- **ӘЛЕМДІ АШАМЫЗ** - Керу қабілеті нашар балалардың **білім алуына** және дамуына **жағдай жасау**;
- **FRIENDLY SCHOOLS** - Арнайы мектеп-интернаттарда оқытудың үздік **халықаралық тәжірибесін** қолдану.



ЕРТЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ 0-3 жас

Алматыда Қазақстандағы алғашқы ерте жастағы балаларды дамыту орталығы ашылды. Жоба қайырымдылық қорларының әкімдікпен бірге отбасылар мен балаларға ерте қолдау көрсету мәселелерін талқылап, оларға кеңес берудің арқасында пайда болды. Бұл маңызды қадам тиімді интервенцияларды жүзеге асыруға көмектеседі. Біз отбасыларға ең қажет кезде көмек көрсету үшін негіз құрдық, осылайша олар мүмкіндігінше ертерек қолдау ала алады.

Биыл біз 0-3 жас аралығындағы дамуында ауытқу қаупі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға арналған білім беру жүйесіндегі ерте қолдау қызметтерін (ЕКҚҚ) дамыту бойынша ауқымды жобаны іске қостық.

Ерте қолдау жүйесі ерте анықтау, жеке көзқарас, ата-аналардың белсенді қатысуы және қолдауы, қызметтердің үйлестірілуі және олардың тегін болуы сияқты қағидаттарға негізделген.

Балалардың дамуындағы бұзылыстарды ерте анықтау және уақтылы көмек көрсету арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балалар санының артуын азайтуға болады.

91.3 мың км²

ЕРТЕ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТТЕРІ ҮШІН ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ

240

САҒАТТЫҚ ОТБАСЫЛАРМЕН ОҚУ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛДІ

18

ЕРТЕ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ АШЫЛДЫ

55

ПЕДАГОГ «ЕРТЕ ҚОЛДАУДЫҢ ТРАНСДИСЦИПЛИНАРЛЫҚ МАМАНЫ» ЖАҢА КӘСІБІН МЕҢГЕРДІ

11

ӨҢІР ҚАМТЫЛДЫ

170

БАЛАЛЫ ОТБАСЫ 0-3 ЖАСТАН БАСТАП КЕҢЕС АЛАДЫ

1527

ЖАБДЫҚ ПЕН ОЙЫН МАТЕРИАЛДАРЫ БЕРІЛДІ

Атқарылған жұмыстар қауіп тобына жататын балаларды ерте анықтауға, олардың дамуын қолдау үшін отбасыларға көмек көрсетуге және мектепке дейінгі білім беру деңгейін арттыруға негіз қалайды.

Қор ерте қолдау көрсетуді, ерте анықтауды заңнамалық тұрғыда бекіту, сондай-ақ ЕКҚҚ тиімді желісін құру мен кеңейту бойынша мемлекеттік органдар арасындағы жұмысты күшейту жөнінде бірқатар ұсыныстар әзірледі.

▶ Біздің бейнебаянды қараңыз: [«0-3 жас: мүмкіндіктер уақыты»](#)

5 ТОП-ЖОБА 58 800 000 ₸

2025 жылы біз білім беру және әлеуметтік қорғау жүйесінде тағы 15 ерте қолдау қызметін іске қосамыз. Бұл қызметтер еліміздің 13 өңірінде ашылады!

2024 ЖЫЛЫ КІМГЕ КӨМЕКТЕСТІК

Астана қ.

- «Психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті №1»
- «Психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті №2»

Алматы қ.

Ерте араласу орталығы КММ

Тараз қ.

- «Психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті №1»
- «Психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті №2»
- **Ақтөбе қ.**, «Психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті №2»
- **Алматы обл.**, Ұзынағаш а., «Психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті №19»
- **Атырау қ.**, «Атырау қ. психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті»
- **Өскемен қ.**, «Өскемен қ. психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті»
- **Жамбыл обл.**, Қордай а., «Қордай ауданының психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті»
- **Орал қ.**, «Орал қ. психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті»
- **Қарағанды қ.**, «Қарағанды қ. психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті»
- **Шахтинск қ.**, «Психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті №1»
- **Қостанай қ.**, «Қостанай қ. психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті»
- **Арқалық қ.**, «Арқалық қ. психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті»
- **Тобыл қ.**, «Қостанай ауданының психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті»
- **Павлодар қ.**, «Павлодар ауданының психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті»
- **Екібастұз қ.**, «Екібастұз қ. психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті»
- **Шымкент қ.**, «Психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті №1»





ППҚК (0-18 жас) ИББРО (7-18 жас)

Біз **психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеттерінің (ППҚК)** мемлекеттік желісін ашып немесе оларға қажетті құрал-жабдықтар алып отырамыз. Бұл орталықтарда ерекше қажеттіліктері бар балалар **психолог, тифлопедагог, дефектолог** және т.б. мамандардан қызмет ала алады.

Қызметтер психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (ПМПК) жолдамасы негізінде кемінде үш ай **тегін көрсетіледі**. Осылайша, біз **шағын қалалар мен ауылдарда** мектеп жасына дейінгі балаларға **қолжетімді көмек аясын кеңейтеміз**, себебі бұл өңірлерде мұндай қызметтер шектеулі немесе мүлдем жоқ.

Мектептерде біз қосымша **инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтарын (ИББРО)** ашамыз. Бұл орталықтар мектеп әкімшілігіне, мамандарға және ата-аналарға **ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ)** бар балаларды мектепке қабылдау және олардың **білім алуына қолайлы жағдай** жасауға көмектеседі.

Биыл **Астанада алғаш рет** қалалық деңгейдегі **ИББРО іске қосылды**. Ол Қазақстандағы инклюзивті білім беру саласындағы жетекші орталықтардың біріне айналды. Орталық мамандары мектептерге, балабақшаларға және ЕБҚ бар балалардың ата-аналарына **әдістемелік және кеңестік қолдау көрсетеді**.

1120	ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚ ПЕН МАТЕРИАЛ САТЫП АЛЫНДЫ
217	БАЛА ИББРО-ДАН КӨМЕК АЛДЫ
96	МЕКТЕП АСТАНАНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ ИББРО-ДАН КЕҢЕСТІК КӨМЕК АЛДЫ
1	ППҚК ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА АШЫЛДЫ
3	ИББРО АСТАНА МЕН АЛМАТЫДА АШЫЛДЫ
1	ИББРО АСТАНАДА ҚАЛАЛЫҚ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ
145	ПЕДАГОГ ҚАЛАЛЫҚ ИББРО БАЗАСЫНДА ЕББҚ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ БОЙЫНША БІЛІМ АЛДЫ
400 ДЕН	АСТАМ БАЛА ЖАҢА ППҚКАА-ДА ҚЫЗМЕТ АЛДЫ

ТОП-5 ЖОБА **36 200 000 ₸**

Біз барлығы **51 ППҚК** және **69 ИББРО** аштық!

2024 ЖЫЛЫ КІМГЕ КӨМЕКТЕСТІК

Астана қ.

- "Алтын бесік" №23 бөбекжай-балабақшасы (көру қабілеті бұзылған балаларға арналған)
- «Ж. Тәшенов атындағы №10 мектеп-гимназия»
- «№43 мектеп-қосымша білім беру орталығы»
- «І. Есенберлин атындағы №67 гимназия»
- **Атырау қ., «Х. Доспанова атындағы орта мектеп»**
- **Түркістан облысы, Шолаққорған ауылы «Психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті»**





ӘЛЕМДІ АШАМЫЗ (3-18 жас)

Бұл жоба Қазақстандағы балабақшалар мен мектептерде **көру қабілеті жоқ және нашар көретін** балалардың **білім алу мүмкіндіктерін** жүйелі түрде **кеңейтеді**.

Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру үшін мұғалімдер мен тәрбиешілерге көру қабілеті жоқ балалармен жұмыс істеу әдістерін оқыту, ата-аналармен жұмыс жүргізу, материалдық-техникалық база құру, **кедергісіз орта құру** сияқты бағыттар назарға алынады.

Жобаның арқасында жалпыға арналған және арнайы балабақшалар көру қабілеті жоқ балаларды қабылдауға дайын бола бастады, ол үшін **қолайлы жағдай жасалып келеді**. Келешекте бұл ұйымдар өз аймақтарында осындай тәжірибені кеңейтудің ресурстық орталығына айналады.

Биыл Петропавл мен Екібастұздағы **екі балабақша мен бір мектепте** көру қабілеті бұзылған балаларға білім беру үшін арнайы **жағдай жасалып**, мектептер, балабақшалар мен педагогтардың **күш-жігерін біріктіретін** ресурстық орталықтар ашылды.

Осы мектептер мен балабақшалардың педагогтары мен тәрбиешілері үшін жыл бойы бірқатар оқыту іс-шаралары өткізілді. Жетекші **тифлопедагогтардың шеберлік сабақтары**, ЕББҚ бар балалармен жұмыс істеу әдістері, тифлопедагогика негіздері бойынша **онлайн және офлайн** оқыту өткізілді.

▶ Біздің бейнебаянды қараңыз: **«Көру мүмкіндігі шектеулі бала қарапайым мектепте: тифлопедагог пен оқушының тәжірибесі»**

2375

БАЛА ҮШІН ОҚУ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖАҚСАРТЫЛДЫ

226

ТҮРЛІ ЖАБДЫҚ ПЕН ОҚУ МАТЕРИАЛЫ САТЫП АЛЫНДЫ

60

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЖОҚ ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН БАЛА ҚОЛДАУ АЛДЫ

13

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БАЛАБАҚША ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛДАРМЕН ЖАБДЫҚТАЛДЫ

4

МАМАН 144 САҒАТТЫҚ ТИФЛОПЕДАГОГИКА БОЙЫНША ОҚЫТУДАН ӨТТІ

37

МАМАН КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЖОҚ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ БОЙЫНША 10 САҒАТТЫҚ КУРСЫН ӨТТІ

155

МАМАН ЕББҚ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІН МЕҢГЕРДІ

>200_{ДЕН}

АСТАМ МАМАН ЕББҚ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУЫ БОЙЫНША ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫН АЛДЫ

ТОП-5 ЖОБА **19 740 500 ₸**

2024 ЖЫЛЫ КІМГЕ КӨМЕКТЕСТІК

Астана қ.


- «Арнайы №96 «Аяла» балабақшасы»
- Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған №23 «Алтын бесік» балабақшасы
- Тәшенов атындағы №10 мектеп-гимназиясы

Алматы қ.

- №13 түзету балабақшасы (көру қабілеті бұзылған балаларға арналған)
- №123 арнайы мектепке дейінгі мекеме (көру және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған)
- №124 арнайы мектепке дейінгі мекеме (көру және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған)

Петропавл қ.

- «Солнышко» балабақшасы
- №44 жалпы білім беретін мектеп
- **Екібастұз қ.**, №4 балабақша
- **Шымкент қ.**, №33 «Ақбота» мемлекеттік арнайы (түзету) балабақшасы
- **Ақтөбе қ.**, Көру және сөйлеу қабілеті ауыр бұзылған балаларға арналған «Ақбота» арнайы балабақшасы
- **Атырау қ.**, №1 көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы балабақша
- **Өскемен қ.**, №14 арнайы мектеп-балабақша
- **Павлодар қ.**, №82 арнайы балабақша
- **Қарағанды қ.**, «Айсулу» балабақшасы
- **Солтүстік Қазақстан облысы, Новоприречное ауылы,** «Новоприречное негізгі мектебі»





FRIENDLY SCHOOLS (7-18 жас)

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу саласындағы **әлемдік көшбасшы Перкинс мектебінің (АҚШ)** қолдауымен **біз** Алматы қаласындағы арнайы мектеп-интернаттарда ерекше білім беруді қажет ететін балаларға **білім беру сапасын арттыруға** көмектесеміз.

Халықаралық сарапшылармен **серіктестік** арнайы білім беру жүйесін жетілдіруге және **инклюзивті мәдениетті дамытуға** негіз қалайды.

Жоба аясында балалармен жұмыс істеуге арналған **халықаралық білім беру әдістемелері** мен **технологиялары** қолданылады.

290

ОҚУ САФАТЫ

44

МАМАН ОҚЫТЫЛДЫ

4

ОФЛАЙН ТРЕНИНГ

8

ОНЛАЙН КОУЧ-СЕССИЯ

12

ТӘЖІРИБЕЛІК КЕЙС

6

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САРАПШЫ

5

БАЛА ПИЛОТТЫҚ ЖОБАҒА ҚАТЫСТЫ

III

ОРЫН АЛМАТЫ ҚҰРАМАСЫНЫҢ ҚАТАРЫНДА ФУТЗАЛДАН РЕСПУБЛИКА ЧЕМПИОНАТЫНДА

56

СПОРТТЫҚ ЖИЫНТЫҚ ЖӘНЕ САХНАЛЫҚ КОСТЮМ АЛЫНДЫ

I

ОРЫН «JULDYZAI-2024» XIX РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІНІҢ «ХОРЕОГРАФИЯ-КОЛЛЕКТИВ» НОМИНАЦИЯСЫНДА


400

ЖАТТЫҒУ ЖӘНЕ РЕПЕТИЦИЯ ӨТКІЗІЛДІ

Біз **жыл сайын** түрлі байқаулар мен жарыстардың **жеңімпаздары атанып** жүрген футбол командалық бен би ұжымымызды **қолдауды жалғастырамыз.**

СШК

Спорттық нәтижелердің тарихы



2024 ЖЫЛЫ КІМГЕ КӨМЕКТЕСТІК

Алматы қ.

- №9 ауыр сөйлеу бұзылыстары бар балаларға арналған мектеп-интернаты
- №5 есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп-интернаты
- №4 көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп-интернаты
- №2 тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған мектеп-интернаты

Биыл біз **Перкинс сарапшыларымен бірлесіп, үйден оқитын балаларды мектепке ауыстыру бойынша пилоттық жобаны іске қостық.**

“Friendly Schools” жобасының жетістіктері жайлы ақпараты:

Перкинс халықаралық мектебінің 2024 жылғы есебінен таба аласыз!



Kazakhstan

Perkins has significantly **expanded access to quality education for children with disabilities** in Kazakhstan over the last year, in partnership with the Government of Kazakhstan and the Dara Foundation. This past year, our focus has been on transforming Almaty School for Students with Motor Disabilities (School #2) into a model school for accessible education by **building a sustainable training framework** for teachers, school staff, and families to support students with sensory impairments and additional disabilities. Twenty participants, including teachers and administrators, completed foundational training to enhance teaching methods, assessment, family engagement, and classroom adaptation. Delivered through a combination of on-site workshops, coaching sessions, and leadership checkpoints, this training has led to a profound shift among trainees, who now recognize the importance of defining functional goals and focusing on practical abilities of students.

Also in 2024 we completed our second year supporting Almaty School for the Blind (School #4) in Kazakhstan. Teachers at School #4 now demonstrate heightened sensitivity to the needs of children with disabilities, and have embraced individualized approaches to education. They are now focused on adapting teaching materials and methods for children with disabilities and increasing family involvement with the school.

Moving forward, with Dara Foundation's support, we aim to expand this model across more schools, **empowering educators to dream bigger** for children with disabilities in Kazakhstan.

 **663**
Children Reached

 **363**
Teachers Trained



Tamerlan is a 9-year-old boy from the School for the Blind in Almaty, Kazakhstan. After training with Perkins, his teachers learned to use creative and engaging methods to help him master subjects like math, making learning both fun and accessible. Tamerlan now enjoys his school experience, confidently navigating his surroundings independently and even performing in school plays.

Бізбен бірге болғандарыңызға рахмет!

Email-тарату

Енді біздің жаңалықтарымыздан хабардар болу одан да оңай: www.dara.kz сайтында ай сайынғы email-таратуды іске қостық. Жазылсаңыз, біздің бастамаларымыз бен шабыттандыратын оқиғаларымызды тұрақты түрде біліп отырасыз.

GlobalGiving

Біздің «Тәлімгерлер» бағдарламамыз **GlobalGiving!** әйгілі халықаралық краудфандинг платформасына қосылды. Жобаны қолдап, жасөспірімдерге лайықты тәлімгер табуға мүмкіндік беріңіз.

Мобильді қолданбалар

Бір ғана батырманы басып, көмек көрсетуге болады. **Tayyab, TOOVA, Kaspi** және **Halyk** мобильді қолданбаларында “қайырымдылық” бөлімінен біздің қорды тауып, қаржылай үлес қоса аласыз.



Бұл жыл маңызды жобалар мен игі істерге толы болды. Жобалар **сіздердің қолдауларыңыздың** арқасында **іске асты!**

📍 Достық к., 18 ғ., 48

☎ +7 705 114 32 50

✉ info@dara.kz

📍 Майя Акишева жүргізетін daracharity

📺 Dara charity

📷 @dara.charity

🌐 www.dara.kz

🌐 www.fundraising.kz

📍 Fundraising

Сонымен қатар, біздің өзіміздің www.fundraising.kz краудфандинг платформамыз бар. Онда 2020 жылдан бері маңызды бастамаларға қаражат жинап келеміз. Бізге қосылыңыз! Игі істерді бірге жасайық!



QR сканерлеу/нұқыңыз





ДАРА ҚОРЫНА ҚОСЫЛЫҢЫЗ!

Сіз біздің жобаларымызға демеуші / серіктес / ерікті / қатысушы ретінде көмектесе аласыз.

Ол үшін:

1. "Анкетаны толтыру" түймесін басыңыз
2. Өз деректеріңізді теріңіз
3. Қалай қолдау көрсететіңізді көрсетіңіз
4. Дайын!

**Анкетаны
толтыру**

ҚОЛДАУЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!